

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТЕМІРТАУ
ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«БАЛДЫРҒАН» АРНАЙЫ
БАЛАБАҚШАСЫ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«СПЕЦИАЛЬНЫЙ ДЕТСКИЙ САД
«БАЛДЫРҒАН» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ТЕМИРТАУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

29 тамыз 2025 ж.
Темиртау қаласы

ПРИКАЗ

91 н/к
город Темиртау

Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шараларды өткізу және «Тілге бойлау» бағдарламасы шеңберінде жұмысты ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттама) ұсынылған 2025-2026 оқу жылына арналған Қазақстан Республикасы мектептерінің, лицейлері мен гимназияларының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хаттың негізінде, «Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» іске асыру және «Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша жұмысты ұйымдастыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тілге бойлау» бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты болып тағайындалсын:

– қазақ тілі мұғалімдері **Жарылхасынова Жаксыгул Сахиевна, Гладышева Жанар Кенжалиевна, Канатбаева Эльмира Балтабаевна.**

2. Бағытталған іс-шаралар жоспары бекітілсін:

– тәрбиеленушілер мен қызметкерлер арасында мемлекеттік тілді дамыту және насихаттау;

– «Тілге бойлау» бағдарламасы бойынша танымдық және мәдени-білім беру сабақтарын, ойындар мен викториналар өткізу;

– ата-аналарды бірлескен іс-шараларға тарту.

3. Қазақ тілі мұғалімдері бекітілген жоспарға сәйкес сценарийлер мен әдістемелік материалдарды әзірлеуді, ашық сабақтар, конкурстар, тақырыптық күндер, викториналар және жұмыстың басқа да нысандарын өткізуді, сондай-ақ әдіскер **Ольга Валерьевна Сувороваға** өткізілген іс-шаралар туралы тоқсан сайынғы есепті ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

Бұйрықпен таныстым

Канатбаева А.Б.
Жарылхасынова Ж.К.
Гладышева Ж.К.



Н.Шигабутдинова